



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

10 маусым
сейсенбі
№42 (2155)
2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



Мұрсал-Нәби ТҰЯҚБАЕВ,
физика-математика
ғылымдарының кандидаты:

КІТАП ОҚИТЫН ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

Сыр елінің перзенті, физика-математика ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, ҚР Сыртқы істер министрлігінің Ундістандағы, Ресейдегі, Франциядағы, Индонезиядағы, Өзбекстандағы елшіліктерінде дипломатиялық қызмет атқарған, ҚР дипломатиялық қызметіне еңбегі сіңген қайраткер, Мәскеу еуроазиялық экономикалық комиссиясының тілдік коммуникация және виза мәселелері бөлімінің бастығы Мұрсал-Нәби Тұяқбаевпен сұхбатта білім-ғылым тақырыбында көп мәселе айтылды.

3-БЕТТЕ

МАМАНДЫҚТЫ ЖАСТЫҚТЫҢ БУЫМЕН ЕМЕС, АҚЫЛМЕН САРАПТАЙ БІЛУ ҚАЖЕТ

«Мамандық таңдауда жаңылмаған дұрыс» дегенді жиі естиміз. Дегенмен қазір мамандық ауыстыру қиын емес сияқты. Сонда да уақыт талабына сай, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандық иесі болуды ойлаған жөн. Әйтпесе 4 жыл бойы білім алып, қолға тиген диплом сандықта жатса бәрі бекер. Қазір жастарға қабілетіне қарай мамандық таңдауда көмектесетін кәсіби маман бар. Осы орайда профориентолог маман Ағжан Ахатай Ақарыстанқызымен тілдесіп көрдік.

2-БЕТТЕ



4-БЕТТЕ

Баспасөз-2025

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ
АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2025 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде.
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз
төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін
6 айға – 3000 теңге,
мекемелер үшін – 4000 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз
болса, мына нөмірлерге
хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

Алты Алашқа сауын айтылып, тұтас Қазақстан көз тіккен сол жағалаудағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің жаңа ғимаратының ашылуын тағатсыздана тостық. Ә дегенде бұл ғимараттың төрінде бұрын-соңды көрмеген таңсық экспонаттар болатынын естігенде «тезірек ашылса екен» деп, мойын созып жүргендердің бірі едік. Ұлттың кешегісі мен бүгінгісі бір арнаға сыйғызып, өткенге сапар шеккізер орталыққа редакциямызбен бірге барып, танысуды жөн көрдік.

ҚҰНДЫЛЫҚТЫ КӨРЕМ ДЕСЕҢІЗ...



Музей қызметкерлері кіреберіс дәлізде жылы шырай танытып қарсы алды. Зәулім ғимараттың ауласынан бастап көкөрай шалғын көз тартып, келушілердің жанын жадирататындай. Біз барғанда қызметкерлер қазақтың қабырғалы қаламгері Ұлықбек Есдәулеттің жолын тосып тұр екен. Әлбетте, қонақтың үлкен-кішісі жоқ. Қонақтың бәрі қадірлі. Осы ұстанымдағы музей қызметкерлері ортадан директордың орынбасары Асхат Сайлауды сайлап, қойнауына талай ғасырлық сырды бүккен Сыр топырағының құпиясына қанығуға жол тарттық.



– Біздің өңірдегі ең алғашқы динозавр биіктігі екі метрге, ұзындығы төрт метрге жеткен. Аралозавр деп аталады. 1958 жылы Қармакшы ауданының Жосалы кентінің солтүстік-шығысында 80 шақырым жердегі Шақшақ шатқалында табылған. Мұның аузында мың тіс болған. Міне, анықтап қарасаңыз болады, – деді Асхат Қожакелдіұлы.

Бір кереметі, сіз қандай бөлімге кірсеңіз, сол кезеңнің үні шығып, құлды бір

әлгі әлемнің бел ортасында жүргендей күй кешесіз. Динозаврлар әлемінде олардың дауысын естідік. Қандай керемет. Бұл дегеніңіз, адамдарға ерекше күй сыйлайтын әдіс екен. Миллиондаған жыл бұрын мекен еткен шөпкөректі динозаврдың жанында тұрқы шағын келген жыртқыштар да экспонаттар көшіні бастап тұр.

2-БЕТТЕ



Ерлан ҚОҢЫРБАЕВ,
физика-математика
бағытындағы
мамандандырылған
«Білім-инновация» лицей-
интернатының директоры:

БҰЛ – РЕСПУБЛИКАДАҒЫ ЕҢ МЫҚТЫ БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ БІРІ

Өңірдегі физика-математика бағытындағы мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернаты 1 маусым – халықаралық балаларды қорғау күні ашылған еді. Жаңа білім ордасының ашылу салтанатына қазақтың маңдайына біткен марғасқалар арнайы ат терлетіп келді. Атап айтқанда, академик, Қазақстанның Еңбек Ері Асқар Жұмаділдаев, Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенев және Мемлекет қайраткері Мұрат Бақтиярұлы елдің болашағы білімді жастардың қолында екенін айтып, оларға сенім білдірді. Осындай алып құрылысты сапалы орындап, ел болашағы жолында еңбектенген құрыш қолды құрылысшыларға да арнайы алғыс айтылып, марапат мінберіне шықты.

Біз жаңа білім ұясының директоры Ерлан Серікбайұлымен сұхбаттасқан едік.



– Ерлан Серікбайұлы, таяуда ғана ашылған бұл лицей республика бойынша алғанда қандай деңгейде?

– Сөз бастамас бұрын өзімді таныстырып өтейін. Мен осындай «Білім-инновация» лицейлерінде білім алдым. Алматыдағы Сүлеймен Демирел атындағы университеттің түлегімін. «Білім-инновация» лицейлерінде он алты жылдан бері жұмыс істеп келемін. Информатика пәнінің мұғалімі, ғылым магистрімін.

Қазақстан бойынша ешқандай қалада үш бірдей «Білім-инновация» лицейі жоқ. Бұрын бір қалада мұндай бағытта әрі кетсе, екі оқу орны болатын. Қызылорда бәрінен озып тұр. Тағы бір жағынан, физика-математика бағытында арнайы ашылып жатқан тұңғыш лицей.

Мектеп мемлекеттік стандартпен оқытады. Бірақ алдағы уақытта ІВ жүйесіне өтуді жоспарлап отырмыз. Былайша айтқанда, халықаралық бакалавриат. Бұл оқу ордасында жаратылыстану пәндерінің барлығы ағылшын тілінде оқытылады. Физика-математика пәндері аптасына 4-5 сағат болады деп жоспарлануда. Балаларды топқа бөліп оқытылады. Тағы бір айта

кетерлігі, ағылшын тілі тереңдетіліп оқытылады. Келіп жатқан 7-сыныптар үшін аптасына 9 сағат болып бекітілмек. Алғашқы жартыжылдықта осылай басталады да, екінші жартыжылдықта балалар жаратылыстану пәндерін бірыңғай ағылшын тілінде оқуды бастап кетеді.

– Сіздердің қолданыстарыңызда балаларға білім берудің қандай да бір тың тәсілдері бар ма?

– Ең көп қолданылатыны – CLIL методикасы. Бұл – тіл мен білімді бірге үйрету. Ендігі бір бағыт – PBL. Мұнда мәселен, мен балаларға осы тоқсанның аяғында ең пайдалы сабын жасап келген балаға 100 балл қоямын деймін. Көріңіз бе, балалар бұл тапсырманы орындау үшін өз бетінше сабынның құрамын зерттейді. Ал мен оларға оны айтпаймын, білуге, ізденуге бағыт беремін. Тоқсанның аяғында балалардың әрбірі өз сабынның қорғайды. Мен мұны Петропавл қаласында жұмыс істеп жүргенде қолданғанмын. Бала жоба дайындап жүргенде өзіне керекті материалды өзі зерттеп, біліп алады. Көп жерде осы әдісті қолданамыз.

2-БЕТТЕ

Судың да сұрауы бар

«Қала тұрғындары су тұтыну мәдениетін білмейді», – дейді «Қызылорда су жүйесі» МКК басшысы Жасұлан Абатов. Оның айтуынша, тұрғындар суды үнемдеп қолдануға ықыласты емес. Су – тіршілік көзі. Алайда соңғы жылдары жаһандық климаттың өзгеруі, халық санының артуы және тұрмыста суды орынсыз пайдалану салдарынан елімізде су тапшылығы айқын сезіле бастады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында бұл мәселеге арнайы тоқталып, 2040 жылға қарай су тапшылығы 12–15 миллиард текше метрге дейін жетуі мүмкін екенін атап өтті. Осыған байланысты 2025 жылдың 9 сәуірінде жаңа «Су кодексі» қабылданды. Оның негізгі міндеттері – су үнемдеудің жалпұлттық саясатын қалыптастыру, елді мекендерді сапалы ауызсумен қамту, сондай-ақ су ресурстарын тиімді пайдалану және қорғау. Өңірде су тұтыну көлемі жыл сайын артып келеді. Қызылорда қаласы бойынша тұтынушылар саны – 87 504. Оның ішінде: жеке тұлғалар – 82 808, бюджеттік мекемелер – 256, шағын және орта кәсіп иелері – 4 440 адамды құрайды. Ал су өндіру көлемі соңғы жылдары төмендегені байқалады:

2023 жылғы 31 шілдеде – 108 700 текше метр болса, 2024 жылғы 21 маусымдағы мәлімет бойынша – 101 411 текше метр, 2024 жылдың мамырында тәулігіне 76 380 текше метр ауызсу берілген. Жасұлан Уәлиұлының айтуынша, бұл көрсеткіштердің төмендеуіне тұрғындардың ауызсуды көгалдандыру, көлік жуу, бау-бақша суару секілді жұмыстарда шамадан тыс пайдалануы әсер етіп отыр. Қаладағы кейбір шағын аудандарда, атап айтқанда сол жағалау мен «Арай» шағын ауданында, тұрғындар тарапынан су сапасына және қысымына қатысты шағым түсіп, кәсіпорын тарапынан тиісті жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар көптеген кәсіпкер лас суды рұқсат етілмеген орындарға төгіп, нәтижесінде көріз жүйелері бітеліп қалған жағдайлар да жиі кездеседі. Мұндай келенсіздіктердің алдын алу үшін бірнеше ірі жоба іске қосылды.

Брифинг түйіні: Суды үнемдейтін уақыт келді.

Айдана БАХТИЯР

Иә, музей – тек жәдігерлердің орналасатын жері ғана емес, заманауи технологияларды тарихпен ұштастырған инновациялық мәдени кешен. Бұл нысан – өткен мен болашақ арасында көпір сала отырып, руханият пен білімнің ордасына айналды. Цифрлық дамуға да қол жеткізген бүгінгі музейде әйнектің арғы жағында тұрған құнды жәдігердің үстінен баса қалсаңыз, сол әйнектің бетінде қажетті мәлімет шыға келеді. Келушілерге барлық ақпарат қолжетімді.

– Бұл музей – еліміздегі Ұлттық музейден кейінгі орындағы нысан. Заманауи үлгіде салынған мұндай ғимарат, дәл мұндай экспонаттардың көпшілігі басқа жерлерде кездесе бермейді. Музей қызметкерлерінің еңбегі сіңді. Мұның барлығын жанашырлықпен жасадық, жинақтадық, – дейді Асхат Сайлау.

Музейде көрме залдары өте көп. Әр жәдігер өзінше сыр шертеді, әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерге ие. Келесі залға өткенде «Абылай!» деп айқайлап жіберердей болдык. Қолына найза мен қалқан ұстаған, сауыт-сайманды батырларды көрдік. Қазақтың өзге де би-ешендері киген шекпендер мен бөріктер

ести алдық. Шынайы қарулардың сықыры, ат тұяғының дүбірі – бәрі де жүректен-жүрекке жетіп жатты.

Орта ғасырлық «Сығанақ» базарына сапар шектік десем, сенер ме едіңіз?! Музей аралап жүріп, табан астында базар шуына тап болдық. Бөлменің қабырғасына кәдімгі базардағы орын дайындалған. Бөренелерді кесіп, оны бір-біріне арқанмен байлап орнатыпты. Базардың төрінде Сығанақ қаласының макеті орналасқан.

Сығанақ қаласының ежелгі базарының көрінісі көз алдымызда. Сатушының дауысы, сауданың қызған шағы, түйенің қоңырауы, ұста соғып жатқан темірдің үні – бәрі шынайы. Қолдан жасалған ыдыстар, шекпендер мен зергерлік бұйымдар – қазақ даласының сауда тарихының айқын көрінісі. Бұл – тарихты сезіну емес, оның бір бөлшегі болу еді.

Келесі бөлімге енгенде құлақкесті тыныштық пайда болды. Қазақы үйдің алдында қалың ойға шомған қимешекті әже отыр. Сәл ілгері жүріп едік, домбыра тартып отырған жігіт, арғы жағында көкөрай шалғында жайылып жүрген қозылақ... Біз өз дәуірімізге жақындағандай болдық. Бірақ мұнан кейін олай емес екеніне көз жетті.


ҚҰНДЫЛЫҚТЫ КӨРЕМ ДЕСЕҢІЗ...



ілулі тұр. Бұлар бізді қазақ хандығының рухымен қауыштырды. Бұл залда әр сауыт – жорықтың, әр семсер – шайқастың куәсі. Ал интерактивті құралдар арқылы біз сол заманның тынысын сезіп, тіпті батырлардың сөзі мен дауысын

Басы 1-бетте

Құлағымызға «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп көзілдіріктің астымен Ахмет атамыз қарап тұрғандай болды. Ал енді бірде «Найзаменен түртсе де, жатырсын қазақ оянай» деп еліне келген Сұлтанмахмұтты көрдік. Апырай, ақ-қара түсті эффектінмен жандарына отыра кетіп, суретке түссеңіз, сол дәуірдің



адамындай бола қаласыз... Қабырғадағы бұл сурет жай сурет емес, алдыңызда сол адамның өзі тұрғандай шынайы бейнеге жақын еді... Жарық астында тұрған суреттер емес, рухтардың үнсіз тілдесуі. Бұл зал – қазақтың санасы мен намысын оятқан тұлғаларға тағзым ету залындай.

Музейде жасанды интеллект жүйелері кеңінен қолданылған. Әрбір смарт-витрина өзіндегі жәдігер туралы ақпаратты бірден көрсетіп, келушілерге тереңірек мәлімет алуға мүмкіндік береді. Ең әсерлі тұстардың бірі – соғыс жылдарындағы жауынгердің бейнесін толық бір қабырғаға орнатқан интерактивті инсталляция. Бұл өткенге саяхат жасап, тарихи тұлғалармен тілдескендей әсер қалдырады.

– Көп жерде соғыс туралы бейне не болмаса басқа да материалдарда орыс тіліндегі әндер мен музыкалар қолданылады. Біз осы жерде қазақылықтың қаймағы бұзылмаған қастерлі өңірде қазақтың үні шырқалуы керек деп шештік. Келген жан осындай әсерде болуы керек. Біз үшін келген қонақтардың бойына ұлттық һәм рухани қуат алып, қазақ екенін мақтан етуі – ең үлкен жетістік. Еңбегіміз де сол көрсеткішпен бағаланады, – дейді қазақтың деп соққан жүрегінің түбінен үн қатқан Асхат Қожақелдіұлы.

Музейдегі ерекше жәдігерлерді бір сөзбен айтып тауысу мүмкін емес. Өйткені сан ғасырдың он бойына сыйдырған нысанның қазақ үшін де құны бөлек. Аспанға алғаш жол салған

Байқоңырымыз да – мол байлығымыз. Музейде мұндай құнды дүниенің бағасына жетер экспонат та жетерлік. Ғарыш кеңістігі орналасқан бөлімге ене сала біз әп-сәтте жер бетінен көтеріліп, аспан әлеміне еніп кеткендей болдық. Ғарыш пен астрономия залына кіргенде жарық өзгере бастады. Жұлдыздар жарқырайды, бейне бір Күн жүйесінің ішінде жүзіп бара жатқандай күйі. Мұнда қазақтың ғарышқа ұмтылған арманы мен Токтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев тәрізді тұлғалардың ізі жатыр. Бұл – тек көру емес, арманға қол созу еді.

Музейдің төрінде – көздің жауын алатын қос алтын домбыра. Бұл – Мұхтар Ниязов пен Мейірбек Сұлтанханның «Алтын домбырасы». Сыр елінің мақтанышы. Бұл жерде тек темір мен ағаш емес, елдің үні мен жұрттың жыры жатыр.

Сол күнгі сапар – жай ғана көрме аралау емес еді. Бұл – өткенмен жүздесу, болашақпен сұхбат, рухпен қауышу болды. Қызылордадағы бұл жаңа музей – жаңаша ойлау мен ұлттық жадымызды жаңғыртуға бағытталған алтын көпір. Мұнда келген адам – тарихты оқымайды, сол тарихтың қойнауында өмір сүреді. Мұнда жүрек тыңдайды, ақыл сезінеді.

Сыр бойында тарихты сөйлеткен мұндай орын – әр азаматтың көруі тиіс киелі мекені. Өйткені тарихын таныған – өзін таниды. Ал сіз музейге бардыңыз ба, оқырман?!

Нұржан НҮҒЫМАДИЛЛА,
Суретке түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Ерлан ҚОҢЫРБАЕВ,
физика-математика бағытындағы мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернатының директоры:

БҰЛ – РЕСПУБЛИКАДАҒЫ ЕҢ МЫҚТЫ БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ БІРІ



– Елдегі білім жүйесінде осындай тың әдістердің қолға алынғанына көп болды. Нәтиже бар ма? Төрткүл дүниені өзіне қаратып, пай дегісетіндей қандай жемісті жолдар бар? Міне, қазақ ғылымы осындай деңгейге жетті дейтіндей не айта аламыз?

– Түк нәтиже жоқ деп айта алмаймыз. Бізде небір талантты, өнерлі, дарынды балалар бар. Жақында ғана жаналықтан көрдік, Назарбаев университетінің студенті жасанды интеллекттің отандық үлгісін жасап шығарды. Жасанды интеллекттің заңдылығында әр мемлекет өзінің үлгісін қолдану керек. Біреудікін қолдана алмаймыз. Біздің қазақ ғалымдарының осы қадамы дамудың даңғылында екенімізді айғақтайды. Мұндай таланттар шығып жатыр. Әлемдік бәсекелестікке ілесіп алмай жатқан шығар, бірақ әрекетсіз емес. Өткен жолғы халықаралық пәндік олимпиададан Қазақстаннан барған балалардың барлығы жүлделі орын алып келді. Мұның өзі неге тұрады?! Менің ойымша, біз көрсете алмай жүрген жоқпыз, біз бағалай алмай жүрміз. Мысалы, екінші қабатта академик Асқар Жұмәділдаевтың «Ірі істер кішкентай қадамдардан басталады» деген сөзі жазылып тұр. Ол – Америкадағы «Гарвард» университетіне барып семинар өткізіп жүрген ғалым. Оның сондай мықты екенін барлығы емес, көбіне білім саласындағылар ғана біледі. Қызылордалықтар таниды, мысалы Қостанайдың бір тұрғынынан сұрасаңыз, ол танымауы мүмкін.

– Бұл оқу орнында кімдер оқиды? «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар» білім алатын жер болар...

– Тіркеу 7-30 сәуір аралығында жүрді. Сол уақыт аралығында Қазақстанның 17 аймағынан 1445 бала тіркелді. Солтүстік Қазақстан, Абай және Павлодар облысынан бала тапсырмады, қалған өңірдің барлығынан бар. Сол балалардың ішінен 200-і іріктеліп алынды.

Басы 1-бетте

Олар – Қазақстанның он аймағынан. Оның ішінде 15 пайызы – әлеуметтік аз қамтылған отбасының балалары. Қазіргі таңда төрт 7-сынып, төрт 8-сынып бар. Балаларға интернаттан орын беріледі.

– Балалардың бар уақыты білім алуға кетсе, тәрбие жағы ақсап қалмай ма?

– Адамзаттың екінші ұстазы әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөзі бар. Жоғарыда айтып өткендей бізде «Құндылықтарға негізделген білім» жүйесі арқылы балаларға білім мен тәрбие қатар беріледі. Бала теория ретінде айтылған тәрбиелік құндылықтарды айналадан көре білу керек. Мәселен, мен балаларға әділ болындар, кісі ақысын жемендер деп айтып кеттім делік. Кейін ол асханға барғанда аспаз апай басқа балаға тамақты көптеу салып, бұл балаға аз берген болса, баланың ойында «мұғалім айту керек, айтып жатыр. Мұны істеуге міндетті емеспін» деген ой қалыптасады. Балаға темекі тартпа, мынаны бүйтпе, ананы сөйтпе деп мұғалім айтқанымен, ол үйіне барғанда ол дағдыны ата-анасынан көрер болса, онда да дәл солай. «Менен сұраса мен де мұны жаман дей беремін, бірақ істеуге болады» деп ойлайды. Өйткені қазақ «бала – ата-ананың айнасы» деген.

– Мұндай «Білім-инновация» лицейлерінің бір-нешеуін көрдім деліңіз. Бұл оқу ордасының материалдық базасына байланысты не айтар еліңіз?

– Мектептің материалдық базасы керемет. Республикадағы «Білім-инновация» лицейлерінің арасындағы ең мықтысы осы мектеп деуге толық негіз бар. Сегіз лаборатория, бес шеберхана бар. Ағаш өңдеу, темірмен жұмыс істеу, кулинария, қыш жасау, тігін тігу, робототехника тәрізді кабинеттер бар. Ағылшын тіліне арналған сегіз кабинет бар.

Әр баланың ерекше қасиеті болады. Мектептің ең басты миссиясы – соны айқындау. Оның талантына жол

ашу керек. Бәлкім, бұл мектептен физика-математика бағытын бітіріп шыққан бала ертен ұлы ақын болуы мүмкін. Ендеше, неге ақын болатын балаға тек физика-математика бағытын үйретуіміз керек?! Болмаса, ертеңгі күні бір түлегіміз әлемді өзіне қаратқан мықты дизайнер болып шығуы мүмкін. Өйткені, алтыншы сыныпқа келген бала өзінің қабілетін толық айқындай алмайды. Біз соны белгілеп, жолға салып жіберуіміз керек. Өкінішке қарай, көп мектептерде біздегідей мүмкіндік жоқ. Бір бала келіп, ағаш ұстасы боламын десе, ол мектепте тіпті қол ара да болмауы мүмкін. Бала бойындағы бар өнерді іске асырып, қабілетіне сай идеясын жүзеге асыруға мүмкіндігі болу керек.

– Көп жерлерде дене тәрбиесі пәніне мән берілмей жатады. Тіпті, бітіруші сыныптардан алып тастаған да жағдайлар болды. Бұған не дейсіз? Физика-математика бағытына басымдық бергенде ол пәндер тізімнің сыртына шығып қалмай ма?

– Мен де дәл осы мәселені ойлап отыр едім. «Гарвард» университеті көп пәнге зерттеу жасаған. Мәселен, әр мектептен бір-бір пәннен алып тастап отырып, нәтижесін тексерді. Олардың білісі келгені – қай пәннің балаға қатты әсер ететіні. Сенесіз бе, ең қатты әсер ететін пән дене шынықтыру пәні болып шығады. Дене шынықтыру пәнін алып тастағанда балалар әлсіреп, сергектігі жоғалып, басқа сабақтарды оқи алмай қалыпты. Ал біздің бұл пәнге көзқарасымызды ауладағы ат шаптырып аланың өзі айтып тұрған шығар... Іште де барлық қажеттіліктермен қамтылған спорт залымыз бар.

– Тамаша. Жоғарыда айтып өттіңіз, мұнда он аймақтан келген балалар бар. Ата-аналармен қалай байланыссыздар?

– Біз ата-ана басқа аймақта екен деп қол қусырып қарап отырмаймыз. Олардың барлығын қайта-қайта шақырып отырамыз. Дәстүрлі түрде өткізіліп тұратын тәрбие сағаттары бар. Ата-ана жылына бір рет оқу орнына келіп, тәрбие сағатын өткізіп, мұғалімнің айтқан сөзін қолдап, балаға бағыт беріп кетеді. Бұл балаға тәрбиелік процестің әсер етуін күшейтеді. Тағы бір түрі, мұғалімдер ата-аналардың үйіне қонаққа барып, бейресми сұхбаттасады.

– Жаңа ғимараттың басқа оқу орындарынан өзгешелігі неде?

– Ғимараттың барлық қажеттіліктермен қамтылғанының тағы бір мысалын айта кетейін, ол – баланың қауіпсіздігі. Күзет пен турикнеттен бастап, ықпал етеді. Өйткені бала өзін қауіпсіз сезінбеген жерде білім ала алмайды. Ғимараттың жоспарына келсек, оқу орнымен жатақхананы қосып жібергені керемет болған. Өйткені ол – әуелі қауіпсіздік, сонан соң тиімділікті көрсетеді.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Өңгімелескен Дәулет ҚЫРДАН

МАМАНДЫҚТЫ ЖАСТЫҚТЫҢ БУЫМЕН ЕМЕС, АҚЫЛМЕН САРАПТАЙ БІЛУ ҚАЖЕТ

– Қазіргі жастар мамандық таңдауда қандай қателік жібереді?

– Біріншіден, өзінің жеке пікірі болмауы мамандық таңдауда кері әсерін тигізеді. Екіншіден, қабілетіне емес, жиіаған балына тәуелді болуы. 50 балл жинасап жеткілікті деген ойдың өзі дұрыс емес. Сонымен қатар «грант» үшін оқуы. Мәселен, қазіргі түлектердің басым көпшілігі физика-математика, шығармашылық бағытында тест тапсырады. Қолымда диплом болса, қалтамада шәкіртақы болса деген алдамшы оймен жүреді де, 4 жыл уақытын босқа өткізеді.

– Мамандықты қашан және қалай таңдаған дұрыс?

– Әр оқушының интеллектуалды даму деңгейі әртүрлі. Дегенмен болашаққа бет бұрып, тұлға ретінде қалыптаса бастайтын кезең 9-10 сынып аралығы. Сол уақыт аралығында бала нақты 9 – сыныптан кейін колледжде оқуды немесе 11 – сыныптан кейін ҰБТ тапсырамын деп дағдылануы қажет.

– Қабілет пен қызығушылық әйкес келмесе не істеу керек?

– Балада мамандыққа деген сүйіспеншілік, қызығушылық болса жеткілікті деп ойлаймын. 1 пайыз талант, 99 пайыз еңбек деп бекер айтпаған. Көзінде жалындаған от, жүрегінде үміт сәулесі, мамандыққа деген тапшыныс болса еңбек бекерге кетпейді. Тек сенім керек. Талмай еңбектену қажет.

– Қандай әдістемелер арқылы бағыт бересіз?

– Мен көп ізденемін. Ең бірінші оқушыларға тест пен әдістемелерді өткізбес бұрын, өзім қолданатын «Gallup» сынды қолжетімді тест тапсырудан бастауды ұсынар едім. Сонымен қатар әдістемелік ойындар арқылы да бағыт-бағдар беремін.

– Ата-ананың мамандық таңдауда әсері қандай болу керек?

– Ата-ана балаға бағыт – бағдар беруші. Бірақ шешім қабылдауды балаға қалдыру қажет. Балаға міндеттемей, керісінше ұсыныс ретінде «бәлкім, осы мамандықты көресің» деп, саналы түрде таңдау еркіндігін беру қажет.

– Түлектер өз қалауын емес, грант қай мамандыққа басым екенінс көбірек назар аударады. Мұнымен келіссіз бе?

– Әрине, жоқ. Себебі грантпен оқуға түскен күннің өзінде баланың оқуға құлшынысы болмаса, диплом алудың пайдасы да жоқ деп білемін. Сөйкесінше өз ісін сүймейтін, агрессивті тұлға пайда болады. Мұның соңы жұмыссыздар қатарын көбейтеді.

– Диплом болу маңызды ма?

– Қазіргі заманда «тек диплом болса болды» деген қасаң пікірді мидан шығару керек. Мамандық академиялық, практикалық, портфолиолық болып бөлінеді. Ең алдымен академиялық мамандықты алатын болсақ, диплом міндетті түрде қажет. Мысалы, мұғалім, дәрігер сынды мамандықтар. Ал практикалық мамандықтарға қарапайым дағды, сатушы секілді мамандықтар жатады. Бастапқыда жай ғана сатушы болып, нөлден бастап, кәсіпкер болып, кәсібін дөңгелетіп жүргендер бар. Портфолиолық мамандық дегеніміз – өзінің жеткен жетістіктерін зерделеу, мамандығына сұраныстың артуы, үздіксіз даму үдерісі.

Алдыма келген әрбір оқушыға ең алдымен «сен диплом алуға міндетті емессің» деймін. Себебі диплом үшін емес, өзі үшін оқу маңызды.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Басы 1-бетте

Сұхбаттасқан

Айдана БАХТИЯР



Мұрсал-Нәби ТҰЯҚБАЕВ, физика-математика ғылымдарының кандидаты: :

КІТАП ОҚИТЫН ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

– Бірнеше мемлекетте дипломатиялық қызметте жүргеніңізден хабардармыз. Әрелдің салт-дәстүрінде, тілінде, дінінде өзгешеліктер болатыны белгілі. Индонезиялықтардың қазақ халқымен ұқсастығын байқапсыз. Сол жөнінде айта кетсеңіз.

– Бес өңірдің, Үндістан, Индонезия, Франция, Ресей және Өзбекстан сынды мемлекеттерінде елшілікте қызмет етуім сол ел халықтарының мәдениеті, әдебиеті, ғылымы, өмір сүру сапасы, салт-дәстүрімен терең танысуыма мүмкіндік берді. Солардың ішінде индонезиялықтарды танып білу мен үшін қызық болды. Өйткені ол елге барғанша бірде-бір индонезиялықпен өмірімде кездеспеген едім. 17500 аралдан тұратын Индонезия алуан тілде сөйлейтін 720-дан астам этностар тәуелсіздік алғаннан кейін ортақ Индонезия тілін жасапты. Латын әрпін қолданады. Телеарналарды қоссақ, фильмдегі көп кейіпкерлерді қазаққа ұқсаттық. Субтитрлерін оқи отырып, көптеген қазақ сөзін таптық. Араласа келе, индонезиялықтар сыпайды, мейірімді болша көрініді. Шетінен аккөңіл және бауырмал. Жатысуну деген жоқ. Көшеде келе жатып көзін түйісіп қалса, әйел заты жылы шраймен амандасу ізетін жасайды. Халықтың басым бөлігі мұсылман болғанымен Иран, Араб елдеріндегідей киінбей, мұсылманшылықты ұстануда қатаң тәртіпке бағынбайды. Орамал тақпай, ашық жүретін мұсылман қыздар бар. Индонезиялықтардың той тойлау әдет-ғұрпында да қазақпен ұқсастық көп. Дастархандағы мол. Тойда кез келгені ән айтып, би билегенді әсте ұнатады. Әндерінің мақамы да, би билеулерінде де ұқсастық кездесіп қалады.

– Мәскеудің шет тілдер кітапханасында XVI ғасырда қолға түскен «Шахнамені» тірілтіп, Рерих музейіне қойғанын айтып, жазба қалдырыпсыз. «Сыр сүлей» атанған Тұрмағанбет Ізтілеуов тәржімдеген «Шахнама» ма?

– «Қазақстан-Франция, мәдени дипломатия айшықтары» атты кітабымың тәуауксерің 2024 жылы 31 наурызда ұйымдастырған Мәскеудегі М.И.Рудомино атындағы Шет тілдер кітапхана қорында 154 тілде 3 млн шығарма бар екен. Кітапхананың XVI ғасырда қолға түскен «Шахнаманы» тірілтіп, Мәскеудегі Рерих музейіне қойғандарын газеттен оқып, «Сыр сүлей» атанған Тұрмағанбет Ізтілеуовтың тәржімалаған сол Шахнама шығармасы біздің елде қайда және қандай жағдайда сақталған екен деген ойға шомдым. 1934 жылы Фирдоусидің 1000 жылдығына орай Т.Ізтілеуовтың «Шахнама» дастанының аударма нұсқасына жазған алғы сөзінде Мұхтар Әуезов: «Бұл еңбекті Фирдоусидің «Шахнамасынан» тікелей аударма демейміз, сол Фирдоуси үлгісімен халық ақыны Тұрмағанбеттің өзі өлең етіп жазған Рүстем жөніндегі дастанның қазақша нұсқасы дейміз» – деп баға берді емес пе? Араб, парсы тілі әлемінде Т.Ізтілеуовке назира аудармашы деп орасан зор құрметпен қарағанын біреу білсе, біреу білмес. Тарихи білімге кенде емес Тұрмағанбет ақын Тұран-Иран тарихымен қоса Ислам, қала берді адамзат тарихынан хабардар болмаса, оны дастанға маңайлай да алмас еді.

– Мұқағали Мақатаевтың «Есіне мені алғайсың» әнін гитарда оқазмша, французша шырқайтынынығызды естідік. Тағы қандай өнеріңіз бар?

Басы 1-бетте

– Мәскеудің Рудомино атындағы Шет тілдер кітапханасы Франкофония халықаралық фестивалі шеңберінде «Қазақстан-Франция, мәдени дипломатия айшықтары» атты кітабымың тәуауксерің өткізуге шақырды. Ұйымдастыруыға кітабымда қазақтың белгілі ақындары Қасым Аманжолов пен Мұқағали Мақатаевтың қазақшадан французшаға тәржімалаған өлеңдері бар екенін айтқан едім, ол французша оқып беруімді сұрады. Мен гитара болса өлеңнің қазақшасын да, французшасын да шырқап беретінімді жеткіздім. Сөйтсем жиынға гитараны да әкеліпті. Көрермендердің алдында қос тілде М.Мақатаевтың «Есіне мені алғайсың» өлеңін жырлап бердім. «Жұп болсын» деген соң Джо Дассеннің студент шағымда қазақ тіліне тәржімалаған «Менің әнім» әнін де қос тілде шырқадым. Көрермендердің алдында гитарамен қазақ және француз тілінде М.Мақатаевтың «Есіне мені алғайсың» өлеңін шырқап бердім. Жиынға Мәскеуде тұратын қазақ диаспорасының өкілдері, сондай-ақ ғылыми топ өкілдерінен бөлек, дипломаттар, студенттер, шетелдіктер де қатысты. Қабілетімді геосақаттан, экологиядан, орнықты дамудан, лингвистикадан, әдебиеттен, аудармадан, ғылымды танымал етуден шет тілдерін үйренуден сынап көріп, дамуды әлі тоқтатқан емеспін.

– Туған жеріңіз, өскен ортаңыз туралы айта кетсеңіз.

– Бұрынғы Жанаталап, бүгінгі Т.Жүргенов ауылы – менің туған жерім, алтын бесігім. Мектеп табалдырығын аттағанда Өмірзақ Қанатбаев ағай сабақ берген. Білімнің негізін қалауға Күләш апай, Сарақұл апай, Камал ағай бастағын мұғалімдер көп еңбек етті. Баршасына алғысым шексіз. Қазақ тілі мен әдебиетін сүюді үйреткен Күләш апай ерекше ынталандырушы еді. Небір қиын есепті шығаруда анам Қанзира көмектесетін. Яғни, математиканы сүюді анамнан үйрендім. Атам Махан мен әріп танығаннан газеттегі жаңалықты оқытатын. Шай жасалып жатқанда көрпеше астына тыққан газетін шығарып, «Шартараптан» айдарымен берілген халықаралық жаңалықты зейін қойып тындайтын. Сөйтсем атам бұл жаңалықты өзінің құрдастарымен бөліседі екен. 6-шы сыныптан кейін жазғы каникулға шығып, егіс даласындағы киіз үйде жатып, күріш егетін әкеме көмектесетінмін. Бір күні математикадан беретін ұстазым Сарақұл апай мені Алматыдағы конкурса қатыстыру үшін іздеп жатқанын естідік. Оқу дегенге айрықша мән беретін әкем ертеңіне «Рақыш» деп атайтын тортобел атының артына мінгестіріп, Кәмідің үйіне әкелді. Сарақұл апаймен әңгімелескен соң, азаммен сүт тасушы Жайыққанын машинасымен мені Жалағаштан Алматыға қарай пойызға отырғызды. Алматыдағы республикалық физика-математика мектебіндегі (РФММ) конкурса қатысуға Қызылорда облысынан 5 бала барды. Екі бала түстік, үшеуі еліне қайтты. Содан 19 облыстан келген оқу озаттарымен бірге додаға түсіп, 4 жылда үздік оқушы атандым. Қабілетімді байқаған директор А.Чернобай Мәскеудегі Патрис Лумумба атындағы Халықтар достығы университетіне (ХДУ) жолдама берді. Физика-математика және табиғи ғылымдар факультетіне математика пәні бойынша оқуға қабылдандым. Емтиханда келген 5 есептің біреуі олимпиадала берілетін есеп болып шықты. Алғашқы кандидаттық қорғау мәртебесі бұйырып, белгілі математик В.И.Буренков ғылыми жетекшілік етіп, математика саласында шартты гополитикалық оператор бойынша баламасы жоқ жаңалық ашу бағытына ие болдым. Ол жайында мақалалар Кеңес одағындағы ең жоғары дейгейдегі «ДАН СССР» және «Труды МИРАН» журналында жарияланып, кейін оны америкалық математикалық қоғам аударып басты.

– Адамның аты тағдырына әсер етеді дегенге сенесіз бе? Өз есіміңіздің ерекше сыры бар секілді...

– Мұрсал-Нәби деп атам көрші Жанаталап ауылынан Әпсәмет молданы шақырып, кітап аштырып қойғанын анам Қанзирадан ересектеу

кезімде бір-ақ естідім. Бала күнімде баршасы Нәби дейтін. Мәскеуде студент болғанымда Мұрсал-Нәби есімі танымал бола бастады. Есімімнің мән-мағынасын бірге оқитын араб студенттері айтып берді. Мұрсал – Алланың хабаршысы да, Нәби – Елшісі екен. 1983 жылы университетті тәмамдап, Алматыдағы Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ политехникалық институтында еңбек жолымды бастап, жоғары математикадан сабақ бердім. 1985-1991 жылдары ХДУ-ге тағылымдамдан, кейін аспирантурадан өтіп, политехникалық институтқа оралғанда, КСРО бір сәтте-ақ ыдырап тынды. Тәуелсіздігін алған Қазақстан шет тілдерін білетін жастарды іздеп, конкурс жариялағанда ХДУ-де француз тілінің аудармашысы деген қосымша диплом, аспирантурада ағылшын тілінің куәлігін алғанымды пайдаланып, конкурса қатыстым. Осылайша, 1993 жылы дипломат атандым. Содан бері Үндістанда, Индонезияда, Францияда, Ресейде, Өзбекстанда дипломат болып, жүріп өткен жолыма қарап отырып, есімім бекер қойылмаған екен деген ойға келген сайын Махан атама шексіз ырастылығымды білдіремін.

– «Бүгінгі таңда қазақ мәдени дипломатиясын алға бастырып, ігерілетуде Димашпен жарыса алатын тұлға жоқ» депсіз. АҚШ-та жазушы Мұхтар Мағауин тұрған үй мұражайға айналғанын да атап айттыңыз. Осындай қазақтың маңдайдай тарландары арқылы да қазақ елің әлем танып жатқаны сөзсіз...

– Димаш секілді өнер дүлдүлін шетелде болсын, ел ішінде болсын, бүгінгі таңда қазақ мәдени дипломатиясын алға бастырып, ігерілету жолында тиімді пайдаланғаны қалар едім. «Бейбітшілік елшісі» ретінде оның әлеуеті зор. Өнерден бөлек, Димаштың ата-әже мектебінен бойға сіңірген қазақы тәлім-тәрбиесі жас ұрпаққа өнеге. Жазушы М.Мағауин қартайған шағына қарамастан шетел асып, ұлт үшін баға жетпес құнды дүние қалдырудан көп ақын-жазушыларға үлгі көрсетіп кетті. Ғылым, білім және өнерді дамытуда қуатты орталыққа айналған АҚШ-та оған арналған музейді қазақ мәдени дипломатиясын алға бастыру жолында тиімді пайдаланса нұр үстіне нұр бола еді.

– Бос уақытта немен айналысасыз? Хоббиіңіз не?

– РФММ-ге қабылданып, Алматыға табаным тигеннен хоббиім көбейді. Фото шығару, гитара тарту, сурет салу, өлең жазу, дзюдо, еркін және классикалық күрес, шахмат, самбо, бокс, қарагэ, шанғы тебуге біраз уақыт жұмсадым. Студент кезде халық әндерін гитарда шырқау, билеу, шахмат ойнау, футбол, волейбол, суда жүзуді жанымға серік еттім. Біріккен ұлттар ұйымының жана стандартына сәйкес қарт деп 75-тен асқан кіндіні атау келісілген. Оған дейінгілерге «Тәжірибесімен дана болған жас» деген мәртебе берілген. Яғни, қарттықтың ауылы әлі алыс. Қазір мақала, кітап жазу күн тәртібіне шықты. Сондай-ақ ғаламдану үдерісімен бірге келген интернет, уатсап, фейсбук, телеграмма, инстаграмма, твиттер, ютуб сынды ақпараттық-технологиялық коммуникациялардан халықаралық жаңалықтарға шолу жасап, білімнен, ғылымнан, экономикадан, өнерден, әдебиеттен адамзаттың қол жеткізген игі жетістігімен танысу әдетке айналды.

– Жұрт материалдық байлықты бірінші орынға қойған заманда білім мен ғылымның дамуы қай сапыда?

– «Ең жақсы бизнес, ол – баланың білім алуына инвестиция салу. Баланың білімі үшін салынған қаражат кейін жеті есе болып қайтады» деген америкалық сарапшы ғалымның пікірін студент кезде газеттен оқыдым. Мектепке барғаннан анам Қанзираның аузынан «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» дегенді жиі естідім. Басқа инвестицияға қарағанда ол саған дивидентті көбірек әкеледі. Бұл тұрғыда тарихи тұлға Бенджамин Франклин: «Егер де кез келген жан ақылын көбейтіп, арттыру жолында қалтасын жұқартып қағып тұрса, оны кейін ешкім тонай алмайды. Білімге салған инвестиция ең көп кіріс әкеледі» деген екен.

Осы орайда басымнан өткен бір жайтты атай кеткім келеді. 1994 жылы Сыртқы істер министрлігі мені Пәкстанның әлемдік жетекші тілдер институтына 4 айлық ағылшын тілін жетілдіру курсына жіберді. Курстан өтуге Орталық Азия мемлекеттерінің дипломаттары бес-бестен шақырылыпты. Қырғыздар Бішкекте элиталық мектепте ағылшын тілінен сабақ беретін орыс әйелді дипломаттарына қосып жіберіпті. Сол әйел екеуіміз 25 адам ішінен ең жоғары дәрежелі диплом алдық. Қалған дипломаттар куәлік алды. Жиында дипломаттар атынан сөз сөйледім. Баяндама жасарда бөлмемізге күнделікті әкеліп тастайтын бір бума газеттің көмегі тиді. 1 газет 15 беттен тұрады. Газеттің орта тұсында «Оң мен сол» деген айдармен небір даулы мәселеге қатысты салыстырмалы түрде екі сарапшының қарама-қайшы пікірдегі мақаласы беріледі. Газет деректеріне сүйеніп, Пәкстан мен Оңтүстік Кореяның даму жолына, білімге қаражат бөлу деңгейінің көлемі қаншалықты ықпал жасағанын айттым. Яғни, Пәкстан егемендік алған кезден бері білім беру саласына Оңтүстік Кореяға қарағанда қаражатты екі есе кем бөлген. Нәтижесінде жан басына шаққанда жалпы ішкі өнім мөлшері пәкістандықтарға қарағанда 20 есеге артып кетті. Осы айғакты келтіріп, баяндаманың соңын «Кез келген елдің әл-ауқаты мен өркендеуі оның жер асты байлығына емес, жастарының сапалы білім алуына тікелей тәуелді. Білім алуға қаражат бөледі аяған ел қараңғылық пен نادандықта өмір сүруге лайық» деп аяқтадым. Залдағы араб, жапон, парсы, ағылшын, француз және басқа да шет тілдер кафедраларының директорлары риза болып, қолымды қысты.

Ал енді әрбір адамның білім алуы мен ғылым игеру қабілетіне салынған қаражаттың қарымы қашан және қалай қайтатынын білуге келсек, ол да қиын мәселе. Айталық мектепте, РФММ-да, ХДУ-дағы оқуда, тағылымдамада, аспирантурада алған үздік білім мен ғылымды КСРО ыдыраған соң шетелде жалғастыруыма да болатын еді. Ол үшін математика саласында баламасы жоқ жаңалығым туралы мақала КСРО Ғылым академиясының журналында басылып, оны Америка математикалық қауымдастығы ағылшын тіліне аударып басқан болатын. Ол құбылыс «білімділердің жылыстауы (утечка мозгов)» деп аталады. Алайда мен көптен күткен тәуелсіздікке қол жеткізген ұлтыма қызмет ету жолын тандап, білімді болуыма жғдай жасаған елімнің алдындағы борышымды ақтауға басымдық бердім. Ағылшын мен француз тілдерін білүім, жинаң-терген білімім мен біліктілігімді дипломатия саласында жұмсап, ұлт мүддесін қорғауға жол ашты. Сол біліктілігім болмаса Орталық Азия өңірін ядролық қарудан азат зона жасау, Арал теңізі мен Каспий теңіздерінің кешенді проблемаларын шешуге шет мемлекеттер, БҰҰ және Дүниежүзілік банк сықылды халықаралық ұйымдар әлеуетін тартып пайдалану, климаттың өзгеруі, биосаналуандылықты сақтау, шөлденуге қарсы күрес жөніндегі халықаралық экологиялық конвенцияларға Қазақстанның қосылуын іске асыру, еліміздің Экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдасын қабылдау, Орталық Азия елдерінің өңірлік экологиялық орталығының штаб-пәтерің Алматыда орналастыру, Мырза Мұхаммед Хайдар Дулаттың 500 жылдығын атап өту мақсатымен Қашмирге апарған экспедицияны Үндістан мен Пәкстан арасында тұтанған Қарғил қарулы жанжал кезінде Нью-Делиге аман алып келу, Рязань облысындағы Қасым қаласында жатқан Қалдырғали Қосымұлы Жалайырдың басын қарайтып, құлпытас орнатту, Парижде жапсарлас Ножан-сюг-Марн қаласында Мұстафа Шоқайға ескерткіш пен «Шокай бағын» аштыру, Азиядағы ынтымақтастық және өзара сенім шаралары конференциясына Үндістан тарапынан қолдау жасау сынды іс-шаралар ұйымдастырудың басы-қасында болып, олардың оң шешімін табу жолында креативтілік пен белсенділік

таныта алар ма едім? Бұл мәселелердің әрбірі бір-бір мақаланың жүгін арқалайды. Ал енді тыныш, бейбіт өмір сүрудің алғышарты ретінде кепілдік беретін «Орталық Азия өңірін ядролық қарудан азат зона» жасауға өңірдегі бес ел Президенттерінің бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруына қолайлы жағдай жасаудың өзі қаншалықты қиын жолмен келетінін ойлап көрудің өзі не тұрады? Бұл еңбек қанша тұратынын кім санап береді? Айталық, мұндай жетістікке қаншама жылдар бойы қол жеткізе алмай отырған әлемде неше өңірдің бары, осы тұрғыдан алғанда Орталық Азия елдерінің тәуелсіздік алғалы бері қол жеткізген ең үлкен дипломатиялық жеңістері жайлы «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Таң-Шолпан» журналына берген мақалаларымды оқыған жұрт лайықты баға берер деген ойдамын. Негізгі қай елде болсын ғылымды дамыту саласы ақылмен әділ басқарылса, оны бюрократизм мен жемқорлық жайламааса әлбетте ғылымға бөлінген инвестиция еселеп қайтады.

– «Жапондар сықылды кітап оқуды үйрен-бесек балшыққа батқанымыз сол батқан, көш соңында жүріп өтеміз» депсіз. Жас ұрпақты кітап оқуға тарту үшін не істейміз керек?

– Кітап адамзаттың ой өрісін, білімін дамытып, жетілдіретін мәдениет пен білім тасымалдаушы құрал. Кітапты көп оқытын елдің келешегі жарқын. Жастарды, балаларды кітап оқуға ынталандырудан дамыған өркеніетті елдер үнемі тапқыр да, тың ізденіспен үлгі көрсетіп отырады. Соларды зерттеп, ішіндегі ең тиімдісін алып, елде іске асырып көруге кім кедергі? Ол үшін министрліктер, ведомстволардың әлеуеті жеткілікті.

– Т.Жүргенов жайлы да көп ой қозғапсыз. Т.Жүргеновтің елге жасаған қызметі жайлы айта кетсеңіз. Мүмкін біз білемейтін деректер айтарсыз...

– Алып мемлекеттің бір формациядан екінші формацияға өтіп жатқан қиын шығалаң шағында Орталық Азияның үш мемлекетінде байдың баласы бола тұра, 39 жасқа дейін министр болып қызмет етіп үлгеру, артында ұлтының өркендеуі жолындағы қисапсыз игі істер қалдыру Т.Жүргеновтің күрделі, ерекше тұлға болғандығын көрсетеді. Оның қазақ өнер, білім таланттарын іздеп тауып, Алматыға алдыртып жағдайларын жасап, олардың дамуына қажетті өнер, білім ордаларын шұғыл құрудағы сіңірген еңбектерін айтпағанда, Қазақ АССР-ін Қазақ ССР-не айналдыру жөнінде шешім қабылдануына ықпал еткен Мәскеуде іске асырған мәдени дипломатиясының өзі не тұрады? Оның араласуымен артында тек Қазақстан емес, Тәжікстан мен Өзбекстанда қалған игі істерді түгендеп, зерттеу үшін «Жүргеновтану» бағдарын күн тәртібіне шығаратын кез келді. Өйткені Т.Жүргенов жайлы зерттелмеген дүние Мәскеудің, Ташкенттің, Алматының, Қызылорданың және басқа да қалалардың кітапханаларында, архивтерінде шаң басып жатқанына күмән жоқ. Қол тигенде Мәскеудің мемлекеттік кітапханасынан, оның архивтерін Т.Жүргеновтің өзінің жазғандарын, ол туралы жазылған еңбектерді іздеп тауып, зерттеп жүрмін. Атап айтар болсақ, Т.Жүргеновтің 1932 жылы Ташкентте жазған «Проблемы административно-хозяйственного районирования СССР и Казахстана» атты дипломдық жұмысында, 1932 жылы жазған «За ликвидацию коренного недостатка школы» және «VIII Всесоюзный съезд профессионального Союза работников просвещения СССР. Материалы к докладу Наркома просвещения УзССР Т.Жүргенова» атты мақалаларында, 1968 жылы Р.Судейменовтің жазған «Темирбек Жүргенов» кітабында, сондай-ақ Қазақстан мен Мәскеу БАК-тарында Т.Жүргеновке, оның ұлт үшін істеген қызметіне қатысты жазылған материалдарда зерттеп зерделейтін көптеген ақпарат оқылды.

– Сүбелі сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Gaynar ҚОЖАХМЕТОВА

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Бүгінде адамзат баласы дамудың жаңа кезеңіне аяқ басып отыр. Бұл кезеңнің басты белгісі – жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының жедел дамуы мен күнделікті өмірге кеңінен енуі. Егер бұған дейін бұл ұғым ғылыми фантастика саласында ғана көрініс тапса, бүгінде ол – экономиканың, денсаулық сақтау, білім беру, өнеркәсіп, тіпті шығармашылық салалардың ажырамас бөлігіне айналуда.

Жасанды интеллект — бұл адам ақыл-ойының кейбір қабілеттерін техникалық құрылғылар мен бағдарламалар арқылы модельдеу, яғни көру, тыңдау, ойлау, үйрену

және шешім қабылдау қабілетін жүзеге асыратын жүйе. Мұндай жүйелер үлкен көлемдегі ақпаратты жылдам өңдеп, соның негізінде белгілі бір шешім қабылдай алады. Мысалы, біз күнделікті қолданатын дауыс көмекшілері, банк қосымшаларындағы алаяқтықты анықтау жүйелері, медициналық диагностикада қолданылатын алгоритмдер — бәрі жасанды интеллектің нақты көріністері.

Сарапшылардың пікірінше, келер 10-20 жылда ЖИ адамзат өмірін түбегейлі өзгертеті. Бірқатар мамандықтар жойылып, олардың орнын автоматтандырылған жүйелер басуы мүмкін. Сонымен қатар жаңа мамандықтар мен салалар пайда болады. Мысалы, ЖИ этикасы, нейроинтерфейстер, цифрлық психология, деректерді басқару мамандықтары.

Алайда бұл тек қауіп емес, үлкен мүмкіндік. ЖИ көмегімен адамзат күрделі есептерді жылдам шешіп, ауруларды ерте анықтап, экологиялық мәселелердің алдын ала алады. Білім беру саласында ЖИ әр оқушының қабілетіне сай жеке оқыту бағдарламаларын жасап, оқу сапасын арттыра алады.

Жасанды интеллектің дамуы тек техникалық емес, адамгершілік және құқықтық мәселелерді де күн тәртібіне шығарды. ЖИ шешім қабылдағанда оның әділдігі, бейтараптығы және қауіпсіздігі маңызды. Сондай-ақ ЖИ қолдану кезінде жеке мәліметтердің құпиялылығын сақтау басты міндеттердің бірі.

Әлемдік деңгейде бұл мәселе өте өзекті. Көптеген мемлекет ЖИ-ді реттейтін заңдар қабылдауға кірісті. Қазақстан да бұл үдерістен шет қалмай, цифрландыру

саясатын іске асырып келеді. 2025 жылға қарай елімізде ЖИ саласына мамандандыру мақсатында жаңа білім бағдарламалары енгізілуде.

Жасанды интеллект – бұл болашақ емес, бүгінгі шындық. Оның дамуымен бірге жаңа мүмкіндіктер де, жаңа сын-көзқарастар да пайда болады. Ең бастысы – бұл технологияны адамзат игілігі үшін тиімді әрі қауіпсіз пайдалану. Келешекте ЖИ-дің тек техника емес, адамзаттың сенімді көмекшісі, білім мен ғылымның серігі боларына сенім мол. Бірақ бұл жолда басты назар адамзаттық құндылықтар мен жауапкершілікте болмақ.

Сымбат ҚАБЫЛБЕК,
№264 мектеп-лицейінің оқушысы



Күлгім келеді. Ой бір аспан күлгендей жаркылдап, көзімнен жас аққанша күлгім келеді. Айналадағылар маған қараса өмірдегі ең бақытты адамдай бүкіл кайғы-мұңы мен уайымын ұмытып кететіндей күлгім келеді. Сенесіз бе, кәдімгі есі ауысқан адамдай күлсем деймін. Көп болды, солай күле алмай жүрмін. Кейде бар ғой, «Шаншар» тәрізді азуын айға білеген алпауыт әзілкештердің әзіліне күліп, орындыққа отыра алмай бүк түсіп жатып күлетін көрермендерге қатты қызығамын. Сол менде орындалмай жүрген бір арман сияқты.

Қайсыбір жылы күлдім. Күлгенде де бір, сіздер үшін түкке тұрғысыз әзіл болар-ау, бірақ мен сол жағдайға қатты күлдім. Бала күннен бірге өскен, оның үстіне туысқандығы бар Пәтеш деген досым бар. Ана жолы екеуіміз үзегілес болып, бір қала мен екінші қаланың ортасында он сағатқа жуық уақытты бірге өткіздік.

– Досым, – деді делдиген танауын бір тартып қойып. – Қалаға көшкелі жатырмын.

– Өй, әпенді, астыңнан су шықты ма? Шаңырақты тастап көшемің қалай? Әлде қатынына рөлді беріп, соңынан сүмендеген кандендей қалаға тартпақпысың? – дедім оның әңгімесінің түп-төркініне қарайлап.

– Балалардың болашағы бұлыңғыр. Қала көрсін, көзі ашылып, оқысын, жақсы білім алсын деген ойым еді. Біз осы ауылдан қандай білім алдық осы? – деді ол көзін дөңгелентіп.

– Өзің бір көксөкқыр екенсің. Бізбен бір сыныпта оқыған Доктырбайдың алдына қазір ұзынсонар кезек тұрады. Бұрыннан сол алдыңғы партада отырғыш еді, көрдің бе, қандай мықты болғанын. Мұғалімдер соны үйіне әкетіп оқытқан жоқ қой. Саған да, маған да, оған да бірдей қарады. Әлде Әтіркүлді бөліп-жарып оқытты ма? Ол оқудан соң оқу оқып, мәгістратурәні да бітірді. Қазір пиэшти ма, пошти ма доктыр. Астананың төрінде кәтежде тұрады дейді. Енді маған айтыш, сенін осы не мамандығың, не тұрақты жұмысын болмай, безілдеп анда бір, мұнда бір жүргеніне мұғалімдер кінәлі ме? – деп қойып қалдым.

Әдепкіде иланғандай болған. Аузына ащысу кіргеннен кейін қайта ашыла бастады.

– Ол – тәрбиеден, – деп бастады қоқиланып. – Балам ашыла алмай жүр. Орыс мектебіне беремін. Сосын



тын, именбейтін болады. Мен осы бастан оны қолдап, орыс мектебіне беретін болып шештім. Ойын ашық айтқаны жақсы ғой, – деп мәселені басқа бір қырынан түйрей салды.

ЖЕЛДЕРДЕГІ



Жаңадан келген аудан әкімі жайсаң жігіт екен. Моншадан шыққан кісі секілді жүзі қызыл шырай-ланып, күлімдей қарайды. Құйрығы бар қазақы әріптерге тілінің оншалықты сынбайтындығына күмәнданбасаңыз, бөтенсінетін жан емес. Алыс ауыл тұрғындарымен танысу жынында олардың көкейіндегісін деп басты: «Ауылдықтарға әуелі не керек? Ауызсу, аяқсу, электр қуаты... басқасы сосын бола бермей ме? Бәрін реттейміз, сол үшін қызметке келдік», – деді ол.

Келдім деп тұрғаны рас, бір дөкейдің бажасы көрінеді, құмырсқаның илеуіндей құжынаған халқы бар бір қалада бұрын көкөніс қоймасының кілтін ұстаған ба, сатушысы болған дей ме, әйтеуір пұлды жерде жүрген бала көрінеді. Ысысын деп, шеткі ауданға уақытша жайғастырылған секілді-ау. Естүімзіше, өсетіндердің есебіндегі айналайын.

Бұрыннан да бастықтарды сиректеу көретін ауыл адамдары жаңа басшының мынадай ашық-жарқын әңгімесіне қол шапалақтап жіберді.

– Сіздерге былай істеу керек, – деді әкім қияқ мұрттың қиғаштай сипап.

– Мәселен, алысқа ұзамай-ақ, есік алдына көкөніс, бакша егіндері!... Жаксыбайдың үйіндегі келіннің аузы жылдамдау екен: – Ол не... көкөніс деген? – деп зып ете қалмасы бар ма. Әкім саспады.

– Көкөніс. Ол қияр, ол помидор, ол сәбіз, бәрі – ас, – деп саусағын санамалап, ерінбей түсіндірді. – Міне, осыларды көбейту керек!

– Айтпақшы, –деп көлденен кінет кетті Алыпқаш. – Қап-қара сопақ бар ғой, немене еді... Баклажан дей ме, соны да ексе болмай ма?

Өз сөзін қоштаушы табылған соң, ана кісі тіптен қоразданып қалды.

– Болғанда қандай! Еге бер!

– Болғар бұрышы ше... Қызылы, сарысы, көгі деген сияқты түрлі-түрлісі болады дейді. Осы ауылдың қатындары базардан тасып жүргені ше...

– Светафор десеңші одан да.

– Көк пиязды ұмытпаңдар. Мұны Тұртан қария еске салды. «Жастайынан насыбай атып үйреніп қалған ерні әйтеуір, ашыға құмар осы кісінің». Артқы жақтан біреу осылай күңк етті.

– Көк пиязды басың қалғыр, – деп сол үйдегі апамыз жақтырмай тыржың етті.

– Укроп деген шоп бар, палаудың бетіне турап сепсе, әрін де ашады, дәмін де келтіреді. Мекен төре ертеректе өзбектермен біраз араласқан көрінеді, мына білгірлігі соның белгісі болар.

Абыр-дабыр басылған кезде, әкім сөзін қайта жалғады. – Көкөніс өте өсімтал келеді. Гектарынан 4-5 КамАЗ -дан сатып, ақшаға қарық боласыздар.

– Қарағым, әлгі көкөніс дегенінді бәріміз еге береміз бе? Бүбші апа бүгежестей саусағын көтерді.

– Еге беріндер. Рынок заманында осылай әрекет етпесе, біреу бірдене береді дейсіңдер ме? Мен сендерге жолын айтып отырмын. Былтыр Израйльде оқып келдім, биыл Италияда болғаным бар. Сөйтіндер!

– Қарағым-ау, бәріміз қияр мен помидорды, тағы басқа шоп-шаламды қапатаатып жіберсек, оның бәрін не істейміз, малға береміз бе? Мына өрескел сауалдың иесіне әкіміміз таңдана қарады: «Ойпырмай, мынандай да сауатсыздық болады екен-ау». Как не істейміз?!

– Оу, – деді ол қолын көкке көтеріп, – жемейсіңдер ме, сатпайсыңдар ма, тіптен артылып бара жатса, банкіге басып, консервілеу қажет.

Әй, сыпайлығы кем, ауыл адамдары-ай, осы кезде орта шенде отырған біреудің қы-қы-қы деп күліп жібергені. «Қашқан қоян жатқан қоянды ала кетеді» демекші, оған екінші біреуі қоюла кетсін. Осындағы жұрттың көбісін күлкі қысып, елеңдеп отырғандай ма, үшіншісі, оған төртіншісі ілесіп қалғандары да, «ықы-ықы», «ха-ха-ха-лап», жамырай жөнелсін. Сол-ақ, екен клубтың ішін қаптаған қалың күлкі кернеп жүре берді. Шек-сілесі қатқан біреу.

– Консерві жаса дей ме-ей?!

– Банкіге жабысаң дейді, ойбай ішім-ай!

– Ашық-тұшыққа қарық болатын болдық қой.

– Сарттың сөзін айтпа, салат десеңші...

Кенеттен орын алған оқыс оқиғаға өрден келген төренің өзі де, еріксіз ыржиды. Енді қайтсін, жұрттың бәрі жырқылап, тырқылап жатқанда, жылай ма, жалғыз өзі. Хи-хи, ха-ха, гу-гу, ду-ду! Ескі клубтың төбесі де желкідеп, бір жасап қалды-ау, осы мезет.

– Қарағым-ай, – деді күлкисін зорға кідірткен Қарғабай қарт суланған көзін қолының сыртымен сүрттіп отырып. – Көптен құлмеп едім, ішек-қарным созылып, бір жеңілдеп қалдым ғой. Жүз жаса, жаным!

– «Әкім бол, халыққа жақын бол», деген осы. Айналайын, айтқаныңның бәрі жөн. Алайда бұл ауылдың айдалада, құмның ішінде тұрғанына мың жыл болды емес пе. Егін суармақ түгілі, ішетін су жоқ қой, мұнда. Құдық қазсақ, суының ашылығынан есек ақырады. Ауызсуды алыс шақырым жерден тасымалдаймыз. Өркенін өскір, осында келерінде бұл жағдайды қаперіне алмаған екенсің де...

Әкім қобалжып, орынбасарына қарады:

Бұл қай ауыл?

– Желдер.

– Немен шұғылданған бұрын?

– Мал өсірген ғой...

– Қап! Қозы-қозылта жөнінде айтуым керек екен.

Между прочим, рыноктық қатынаста бұл мәселе де қарастырылған...



– Мынақарашы, бұрқыраған тер кәсіміңнің сыртына шығып кетті, жақсы емес пе,?! Ол көзін сығырайта қарады. –

Түске дейін осында, түстен кейін пошта жақта кезекке тұрамын. Онда да опыр-топыр.

Оның бастығы да жиналысшы немесе ғой деймін, кеңсесіне тығылып алып, жұрттың жолын босататын қызметкерлерін қайта-қайта өзіне шақырады да жатады. Кейде бар ғой, мына жерінде де екі-үш кассасы бірдей ақша таратып, ақша алып жұрт жапырылап қалады, ондайда жүрегім су ете түседі, кезек азайып қала ма деп... Қария орамалымен желке тұсынтағы бір осып өтті.

«Мысықтілеу ме, мына кісі, кезек азайып қала ма» дегені несі?! Ол менің ойымды мезетінде оқып қойғандай өзі жауап берді.

– Кезекте адамның көп болғаны жақсы, ішке сыймай сыртта да шұбатылып тұрса. Жаз бойы құдайға шүкір солай. Екі ай болды, кезегімді әркімге беріп, күнде осында келемін. Жүрек мықты екен, қанша терлесем де шыдап жүрмін... Әңгіменің мәнісін түсінбей қалдым ба, баяғыда мал бағып, далада көп жатқанбыз ғой, суық сүйектен отіп кеткен. Түнемелік зар қақсап шыдаптайды. Аунақып, таңды зорға атырамын. Сосын, амал жоқ, осында келіп терлеймін, құрыс-құрысым жазылып, ой, бір рахаттанып қаламын... Ара-арасында шайханадан шай ішіп келсем, борша-боршамен шығайды дейсін, бір... Кешке дейін терлеймін де жүремін, шенбелдеп қалған суықтан солай құтыламын ба, деймін де...

Мына гәбі санама сарт етіп қона кетті. «Терлейін деп ем...» дейді. Рас-ей, біздің үйде де тізесін укалап отыратын шал мен кемпір бар емес пе, түнімен сүйектері сықырлап, далаға шығумен болады. Соларды неге осында кезекке тұрғызып қоймаймыз. Әрі терлейді, әрі жұмыс бітіреді, ә! Иә, деймін-ау, мұнда тәртіп орнап, кезек азайғанда, әжептеуір сауығып қалса, құба-құл емес пе?

Бұрын қалай ойыма келмеген-ей!... Тер шыға бастаған шекемді бір сипап орынымнан атып тұрып, үйге қарай зымырадым-ай!

Нұрмахан ЕЛТАЙ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)

Қабалдау болмасы - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӨЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4А.

Таралымы 4391 Тапсырма №916

Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН